

## Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің мәселелері

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 518 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.11.23. N 1776 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.11.23. N 1776 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 наурыздағы N 206 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің құрылымы;

3) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті" және "Қазақстан Республикасының Геодезия және картография бас басқармасы" бөлімдері мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті"

3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 369 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 12, 100-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 29 сәуірдегі  
N 518 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті туралы Ереже 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыretі шегінде арнайы атқарушылық және бақылау функцияларын, сондай-ақ жер ресурстарын, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды мемлекеттік басқару саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. Р991093\_

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де құқықтық нормативтік актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер оған заңдарға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуга құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. Р991093\_

4. Комитет өз құзыretіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрық түрінде Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күші болатын актілер шығарады.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. Р991093\_

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру, тек респубикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрфысында кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынастар жасауға тиым салынады.

Егер Комитетке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) жер ресурстарын басқару және жер қатынастарын реттеу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) жер реформасын жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру, оның ғылыми, кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету, жерге орналастыру жөніндегі іс-шараларды өзірлеу және іске асыру;

3) жер мониторингін, мемлекеттік жер кадастрын ұйымдастыру және жүргізу;

4) Қазақстан Республикасы жер ресурстарының жай-күйі туралы деректердің банкін құру;

5) жерлерді аймақтауды ұйымдастыру;

6) жерлердің пайдаланылуын және қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

11. Комитет заңда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жер зандарының қолданылу практикасын қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныс өзірлейді;

2) жер зандарының бұзылуын жоюға шаралар қолданады;

3) қолда бар жерлер және олардың: санаттар, алқаптар, жер участекерінің меншік иелері және жерді пайдаланушылар бойынша бөлінуі туралы, жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау туралы, бұлінген жерлердің қайта өндеу, топырақтың құнарлы қабатын сылып алу және пайдалану туралы жыл сайынғы респубикалық есепті жасайды.

4) мемлекеттік респубикалық картографиялық-геодезиялық қорды және республика аумағы жер ресурстарының картографиялық қорын жүргізеді.

5) республика аумағының геоакпараттық жүйесін құрады;

6) мемлекеттік құпияға жататын топографиялық-геодезиялық, картографиялық және аэросуретке түсіру материалдарын пайдаланудың тәртібін белгілейді, сондай-ақ олардың мекемелердегі есебін, көбейтілуін және сақталуын бақылауды ұйымдастырады;

7) халықаралық ұйымдарда геодезия және картография мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді, басқа елдердің геодезиялық қызметтерімен қарым-қатынас жасайды;

8) жер үшін төлем белгілеу жөнінде ұсыныс әзірлейді;

9) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарымен жер қатынастарын реттеу, жерлерді пайдалану және қорғау, жер реформасын жүргізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

10) жер участкерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындайды;

11) мемлекет жеке меншікке сатқан, пайдалануға берген кезде және оларды кепілге берген кезде нақты жер участкерінің (жер пайдалану құқығы) құнын айқындайды;

12) пайдаланылмаған жерлер мен зандарды бұзы арқылы пайдаланылып отырған жерлерді анықтайды;

13) жерді пайдалану және қорғау мәселелерін қозғайтын республикалық, облыстық аудандық бағдарламаларға, сыйбаларға және жобаларға сараптама жүргізеді;

14) жер реформасын жүргізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық, жобалау-іздестіру жұмыстарына мемлекеттік тапсырыстарды қалыптастыруға қатысады;

15) ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың белгіленген тәртіппен жерге орналастыру, топографиялық-геодезиялық, инженерлік-геодезиялық, маркшейдерлік, картографиялық, топырақтық, агротехникалық, геоботаникалық және басқа да зерттеулік және іздестіру жұмыстарын жүргізу тұрғысындағы қызметтің үйлестіреді;

16) жерге құқықтық куәландыратын құжаттарды дайындайды және береді;

17) өзіне зандармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитеттің зандарда белгіленген тәртіппен негізгі міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан жерді пайдалану және қорғау мәселелері жөнінде қажетті ақпарат сұратуға және алуға;

2) атқарушы органдардың қарауына заң актілерінде көзделген негізdemeler бойынша жерді пайдалану құқықтарын тоқтату туралы ұсыныс енгізуге;

3) жергілікті атқарушы органдардың жер туралы зандарға қайшы келетін шешімдерін тоқтату туралы ұсыныс енгізуге;

4) өз құзыретінің шегінде лицензиялауды жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің бекітіліп берілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке зандарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитеті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет төрағасының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

17. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауаптылықта болады.

18. Төраға осы мақсатта:

1) өзінің орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) зандарға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін, аумақтық органдар

мен ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың

басшыларын қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады;

3) зандарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

7) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жүзеге асырылады.

Үкіметінің  
1999 жылғы 29 сәуірдегі  
N 518 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Құрылымы

Басшылық

Жерге орналастыру және жер рыногы бөлімі  
Мемлекеттік жер инспекциясы бөлімі  
Жер кадастры және мониторингі бөлімі  
Геодезия, картография және геоақпараттық технологиялар бөлімі  
Экономикалық болжамдау және маркетинг бөлімі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 29 сәуірдегі  
N 518 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің қарауындағы ұйымдардың Тізбесі

1. "Мемлекеттік жер ресурстары және жерге орналастыру ғылыми-өндірістік орталығы (МемжерҒӨО)" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында).
2. "Мемлекеттік ауылшаруашылық аэрофотогеодезиялық іздестіру институты (МААИ)" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында).
3. "Ақмолатопогеодезия" Ақмола топографиялық-геодезиялық республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
4. "Ақтөбөгеодезия" Ақтөбе картографиялық-геодезиялық республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
5. "Талдықорғангеодезия" Талдықорған топографиялық-геодезиялық республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
6. "Талғаргеодезия" Талғар картографиялық-геодезиялық республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
7. "Семейгеодезия" Семей картографиялық-геодезиялық республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
8. "Жамбылгеодезия" Жамбыл картографиялық-геодезиялық республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
9. "Қарағандымаркшейдер" Қарағанды топографиялық-маркшейдерлік республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

10. "Көкшетаугеодезия" Көкшетау картографиялық-геодезиялық респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
11. "Шымкентгеодезия" Оңтүстік Қазақстан топографиялық-геодезиялық респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
12. "Инжгеодезия" Алматы инженерлік-геодезиялық іздестіру респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
13. "Қазгеодезияның орталық картографиялық геодезиялық қоры (ОКГК) респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
14. "Картография" Қазгеодезияның респубикалық мемлекеттік қазыналық картографиялық кәсіпорны.
15. "Картографиялық және геоакпараттық жүйелер ғылыми-өндірістік кәсіпорны" (Картақпарат FOK) респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК